

Орал гуманитарлық –техникалық колледжі

Бекітемін
Атқарушы директор

Л.Ж.Утарбаева

«29» 09 - 2023 ж



2023-2024 оқу жылына арналған «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» іске асыру бойынша

Тәрбие жұмысы жоспары 2023-2024 оқу жылы

ДОТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай
Педагогикалық Кеңес отырысында қаралып, мақұлданды.
№1 хаттама, 1.09. 2023 жыл

2023 ж

функционалды-сауатты мамандарды даярлауды қамтамасыз ететін білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Болжам: колледж Білім беруде озат әдістер мен технологияларды шебер пайдаланатын, жалпыадамзаттық құндылықтарға бағдарланған, орта буынның бәсекеге қабілетті жоғары білікті мамандарын даярлайтын Қазақстанның ТЖКБ жүйесін дамытудың көшбасшы практикаға бағытталған әдістемелік орталығы болып табылады.

Миссияның қысқа нұсқасы: «Біз оқуға, оқытуға және құрастыруға үйретеміз!».

Біз ОҚУҒА үйретеміз: яғни, студенттерді белсенді ойлауға үйрету, олардың бойында білім таба білу қабілетін қалыптастыру, шығармашылық мүмкіндіктерді тәрбиелеу және студентті өмір бойы оқуға үйрету. Білім тек есте сақтау арқылы ғана емес, өз ойының күшімен алынған кезде ғана берік болады.

Біз ОҚЫТУҒА үйретеміз: болашақ мектепке дейінгі оқыту мамандарын, бастауыш және негізгі орта мектеп мұғалімдерін оқыту және тәрбиелеу бойынша колледж қызметін бағдарлау.

Біз ҚҰРАСТЫРУҒА үйретеміз: бұл студенттерді технологиямен шабыттандыруды және олардың сандық және басқа да жобаларын жасауға үйретуді білдіреді, зерттеу жүргізу, конспект құрастыруға, тест, ойын, тапсырма, тезистер, рефераттар, пікір, жарнама, эссе және т.б. Бұдан басқа, колледж қызметі креативпен байланысты техникалық мамандық кадрларын даярлауды жүзеге асырады. Бұған шаштараз (шаш үлгісін, стиль, бейнесі, имидж, жасау), технология мұғалімдері (оригами, сурет, қол өнер бұйымдары, сувинирлар, т.б мәдени бұйымдар жасақтау), музыка, информатика және «есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандықтары кіреді.

КЕШЕНДІ ЖОСПАРДЫҢ НҰСҚАУЛЫҒЫ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы.

Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі.

Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты ІІ Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін:

ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін;

халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін;

әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты:

Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері:

Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу.

Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу.

Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлы әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру.

Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу.

Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже:

Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді.

Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды.

Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзіне берік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды.

Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады.

Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оның бірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы:

Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу;

Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу;

Ұлттық мұраға ұқыпты қарау;

Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту;

Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу;

Қоғам игілігі үшін қызмет ету;

Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу;

Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі:

Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл

Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді

Елінің тарихын құрметтейді

Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді

Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы:

Академиялық адалдыққағидатын қолдау;

Адал еңбекті құрметтеу;

Сөзіне берік, ісіне адал болу;

Халқына адал қызмет ету

Әдеп нормаларын ұстану;

Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну;

Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту;

Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі:

Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды;

Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады;

Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды;

Достарын, сыныптастарын сыйлайды;

Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы:

Сыни және креативті ойлау;

Жеке және командамен жұмыс істей білу;

Білуге, жаңаны тануға құштар болу;

Физикалық белсенді болу;

Салауатты өмір салтын ұстану;

Технологиялық және цифрлық дағдыларды ілгерілету;

Дұрыс қарым-қатынас орнату білу;

Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі:

Жан мен тән тазалығын сақтайды;

Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді;

Қоршаған орта тазалығын сақтайды;

Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық;

Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Жастар тәрбиесі (15-18 жас)

Ұсынылады:

- жастар тәрбиесі ел мен жер тұтастығын, ел тәуелсіздігін қадірлеуге, ар-ұят, намысты жоғары ұстауға, адал еңбекпен қызмет етуге, қоғам игілігі үшін азаматтық белсенділік танытуға, жауапкершілікті саналы түсінуге, салауаттық, зияткерлік құндылықтарына негізделген тәрбиеге басымдық берілуі тиіс;

- ел болашағы үшін маңызды буын екендіктерін сезінуіне, отбасы алдындағы парызын, Отан алдындағы борышын өтуге белсенділігін арттыруға бағытталған әлеуметтік тәжірибелер мен жобаларға жастарды тарту;

- ұлттың тарихи сана-сезімін жаңғыртудың маңыздылығы, тарихи төл шежіресін дәріптеуге айырықша мән бере отырып, халқымыздың ата-бабадан мирас болып қалған мұрасын дәріптеу, ұлттың кодын сақтауда жастардың бойындағы рухты ояту, отаншылдық пен мемлекетшілдік сезімдерін арттыруға бағытталған шаралар ұйымдастыру;

отбасы құндылықтарын дәріптеуге, отбасын құруға жауапкершілікті түсіндіруге бағытталған іс-шараларға тарту;

адал еңбекті жоғары бағалауға, еңбек адамын құрметтеуге бағытталған іс-шараларға тарту, кәсіптік бағдарын дұрыс анықтауға қолдау көрсету ұсынылады.

Білім беру ұйымдары мен педагогтың міндеті:

балаларды заңға, адамның және азаматтың құқықтарына, бостандықтарына, ата-анасына, үлкендерге, отбасылық, тарихи және мәдени құндылықтарға, мемлекеттік рәміздерге құрмет көрсету, жоғары имандылық, патриоттық, қоршаған ортаға ұқыпты қарау рухында тәрбиелеуге;

білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өмірлік дағдыларын, құзыреттерін, өздігінен жұмыс істеуін, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және саламатты өмір салты мәдениетін қалыптастыруға.

Кешенді жоспарды іске асыруда:

Облыстық әдістемелік орталықтары мен кабинеттерінің әдіскерлері «Біртұтас тәрбие бағдарламасын» жүзеге асыруда педагогтарға әдістемелік қолдау көрсетеді. Оқыту семинарлары мен тренингтер өткізеді.

Жауапты мемлекеттік органдардың сертификатталған тренерлері білім беру ұйымдарының педагогтары мен оқушыларына сыныптан тыс сағаттарын өткізеді, ата-аналар жиналыстары мен тәрбиелік іс-шараларын ұйымдастырады.

Білім беру ұйымы (мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік білім беру) басшысының (менгерушінің, директорының) тәрбие жұмысы жөніндегі (әдіскері) орынбасары міндетті:

тәрбие процесін ұйымдастыруды қамтамасыз етеді;

тәрбие жұмысын ағымдағы және перспективалық жоспарлауды ұйымдастырады;

тәрбие процесінің мазмұны мен өткізілу сапасына жүйелі бақылауды жүзеге асырады;

тәрбие процесін қамтамасыз ететін білім беру ұйымдары әкімшілігінің, әлеуметтік-психологиялық қызметтері мен бөлімшелерінің жұртшылық және құқық қорғау органдарының өкілдерімен, ата-аналар қоғамдастығының, қамқоршылық кеңестің өкілдерімен өзара іс-қимылын үйлестіреді.

Тәрбиеші, сынып жетекші және кураторлардың міндеттері:

салауатты өмір салтына ынталандыру;

сыныпта достық ортаны, өзара түсіністікті құру;

білім алушылардың басқаларға деген жауапкершілігін, ұжымда жұмыс істей білуге баулу;

ата-аналар жиналысын өткізу (педагогикалық консилиумдар, тренингтер, әңгімелер, ата-аналарға (басқа да заңды өкілдерге) арналған консультациялар);

ҚЫРКҮЙЕК – БІЛІМ АЙЫ

- 1 қыркүйек-Білім күні, сынып сағаттары
- 5 қыркүйек- А.Байтұрсынұлының туған күніне арналған «Тіл тазалығы» тақырыбындағы шаралар
- Шығыс мұсылмандарының рухани тәлімгері және діни жетекшісі, ақын, ойшыл, ғұлама **Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жыл**
- Қазақ әдебиетінің XX ғасырдағы жарық жұлдыздарының бірі, жазушы, драматург Жазушы Оралхан Бөкейдің туғанына 80 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Колледж – мейірім мекені»	Білім күніне арналған салтанатты жиынның сценарийі	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай, Топ жетекшілері	Қыркүйек
2.	«Әділетті Қазақстан - Адал азамат»	Тәрбие сағат жоспары, әлеуметтік желіде жариялау.	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай, Топ жетекшілері	Қыркүйек
3.	(«Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	жоспары/сценарийі	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай, Топ жетекшілері	Қыркүйек
4.	Еңбек десанты	«Еңбек ері» иегерлері мен еңбек әулеттері өкілдерінің жастармен және оқушылармен Кездесулерін ұйымдастыру	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай, Топ жетекшілері	Қыркүйек
5.	«Мен ,Сен, Ол, Біз дені сау елміз» Денсаулық фестивалі	Топтық шара	Дене дәрбиесі оқытушылары А.Б.Кужахметова	Қыркүйек
6.	Баланы жәбірлеудің «Буллинг»	«Жасөспірімдер үшін кеңес,	Психолог	Қыркүйек

	профилактикалық қағидалары және кибербуллинг.	Топтық шара		
7.	«Лудомания ғасыр дерті» айналған ойынның алдын алу	Тәрбие сағаты Топтық шара	«Ашық жүрек» еріктілер клубының жетекшісі: Д.Е.Мазгутова	Қыркүйек
8.	«Абай бол» құқықтық сауаттылықты арттыру шарасы.	Кәмелет жасына толмаған жасөспірімдермен жұмыс жөніндегі ПБ инспекторы Кажипов.А.Б кездесу.	Топ жетекшілері, психолог	Қыркүйек
9.	«Қазақ тілі – өлшеусіз қазына, өрісі кең әлем»	Тілдер апталығын ұйымдастыру	ПЦК төрағасы К.К.Косбаева	Қыркүйек
10.	Мен оқыған бір кітап... Буккроссинг	Топ жетекшілері оқыған кітабын таныстырады.	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай	Қыркүйек
11.	Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың алдын алуға, сондай-ақ интернет кеңістігінде қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған оқу орындарында түсіндіру жұмыстарын және тақырыптық сабақтарды ұйымдастыру және өткізу.	Тәрбие сағаты	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай, Топ жетекшілері	Қыркүйек
12.	Студенттердің дін істері, ішкі саясат мәселелері жөніндегі басқарма өкілдерімен діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу және алдын алу бойынша кездесулерін ұйымдастыру	Топтық кездесу	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай	Қыркүйек
13.	«Түнгі қаладағы балалар» рейді. Топ жетекшілерімен бірлесіп көшедегі рейдке қатысу.	Қоғамдық шара	Психолог Топ жетекшілері	Жыл бойы
14.	Бопсалау фактілерін анықтау мақсатында колледж студенттері арасында әлеуметтік сауалнама өткізу.	Сауалнама	Психолог	Екі айда бір рет
15.	«Мен бүгін студентпін» жаңа қабылданған студенттердің бейімделуі	Сауалнама	Психолог	Қыркүйек

16.	Ерікті (волонтер) болу сізге не береді?	Ақжайық жастары еріктілер қатарына қосылу. Кездесу	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай,Студенттік парламент	Қыркүйек
-----	---	--	---	----------

ҚАЗАН – АЛАШ АЗАМАТТАРЫН ҰЛЫҚТАУ айы

1 қазан - Қарттар күні

5 қазан – Мұғалімдер күні 25

казан – Республика күні

Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр - Жүсіп

Көпеевтің туғанына 165 жыл

Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Қазақтың көрнекті жазушысы, драматург, публицист, қазақ әдебиетін қалыптастырушылардың бірі Жүсіпбек Аймауытовтың туғанына 135 жыл

Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарық жұлдызы Мағжан Жұмабаевтың туғанына 130 жыл Қазақ халқының XX ғасыр басындағы аса көрнекті ақын-жазушысы, ақыл-ойшысы, демократ ақыны

Торайғыровтың туғанына 130 жыл

Ақын, жазушы, көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері Сәкен Сейфуллиннің туғанына 130 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Бір отбасы-бір кітап»	Отбасында кітап оқып видео жариялау.	ТТЖЖ орынбасары А.Ж.Отарбай, Топ жетекшілері	Қазан
2.	1 қазан – Халықаралық қариялар күніне арналған «Қарияларын қадірлеген ел ардақты» (жастар көмекке)	Еріктілер облысымыздағы көмекке мұқтаж қариялардың үйлеріне барып көмек көрсету.	Студенттік парламент	қазан
3.	Рухани адамгершілік тақырыбында тәрбие, «Жақсылық жасауға асық»	Әңгімелесу сағаты Студенттер жақсылық жасап видеоға түсіріп көрсету.	Топ жетекшілері	қазан
4.	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» ұстаздар күніне арналған мерекелік шара	Салтанатты жиын, тәрбие сағаттары.	Студенттік парламент	Қазан

5.	Дублер күнін ұйымдастыру. Жоғарғы топ студенттері төменгі топтарда оқытушыларға дублер жасап сабақ өткізеді.	Дублер күнін ұйымдастыру бойынша әлеуметтік желіде ақпарат беру	Белсенді студенттер Пән оқытушылары	қазан
6.	Ұстаздар күніне орай футболдан жарыс ұйымдастыру.	Жарыс	Футбол үйірме жетекшісі: А.И.Хабиев	Қазан
7.	«Жеке қауіпсіздік», «Үлкенге құрмет», «Өзін-өзі қорғау» нұсқаулықтары аясында бейнеролик челленджі	«TikTok», «Instagram», «Facebook» және басқа да танымал әлеуметтік желілерде олардың артықшылықтары мен мүмкіндіктерін көрсететін посттар, онлайн челленждер мен роликтер дайындау	Топ жетекшісі	Қазан
8.	«Жасөспірімдер арасындағы буллинг және кибербуллинг»	Ата-аалар және оқушылар буллинг және кибербуллингтің қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкіндігімен таныстыру. Ата-ана баласын келеңсіздіктерден баласын қорғау мәселенің өзектілігімен танысады.	Психолог, топ жетекшілері	Қазан
9.	«Спандияр Көбеевтің шығармашылығы»	Қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл тәрбие сағаты	Топ жетекшілері	Қазан
10.	Алаш жұртының әйгілі перзенті, көрнекті қазақ ақындарының бірі, фольклоршы, ғұлама ғалым Мәшһүр -	Еңбектерінің көрмесі	Кітапханашы С.С. Сальменова	Қазан

	Жүсіп Көпеевтің туғанына 165 жыл			
11.	«Шәкірім жеткен рухани деңгей» Ақпараттық сағат	Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл	Топ жетекшілері	Қазан
12.	Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаевтың Қазақстан халқына Жолдауын талдау.	Талдау, пікіралмасу.	Студенттік парламент, топ жетекшілері.	қазан
13.	Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы құрамына 1 курс студенттерін қабылдау.	Салтанатты жиын	Жас сарбаз клубының жетекшісі: Б.А.Насыров	Қазан
14.	«Туған жер» бағдарламасы: «Туған елдей ел болмас...» -Орал қаласындағы мұражайлармен және кітапханалармен танысу (Қалалық мұражайлар: Пугачев, С.Гумаров, А.С.Пушкин, М.Мәметова атындағы мұражайлар, БҚО тарихи-өлкетану мұражайы, экологиялық мұражай, көрмелерге саяхат.)	Танымдық экскурсия	Студенттік парламент, топ жетекшілері	Қазан-қараша
15.	«Қыран елім –Қазақстаным!» патриоттық акциясын ұйымдастыру(мемлекеттік әнұранды жаппай орындау, бейне құттықтаулар)	Әнұранды жаппай орындау челленджіне қатысу	Студенттік парламент	қазан
16.	«Қыран елім-Қазақстан» тақырыбы аясында тәуелсіз елдің ұландары туған ел, жер туралы автор өлеңдерін мәнерлеп оқу.	(қатысушының аты-жөні, ауданы, білім беру ұйымының атауы, сыныбы, шығарманың атауы, авторы) бейнероликке түсіріп, әлеуметтік желілерге (Youtube, TikTok, Instagram, Facebook) жариялайды.	Тәрбие бөлімі.Топ жетекшілері	қазан
17.	«Айбынды жастар – Тәуелсіздік тірегі» атты патриоттық әндер айту челленджінің тұжырымдамасы	1. «Атамекен» әні, сөзі Қ. Мырза Әлі, музыкасы Е.Хасанғалиев. 2. «Саржайлау» әні, сөзі М.Мақатаев, музыкасы Н.Тілендиев.	Тәрбие бөлімі.Топ жетекшілері. Музыкалық білім беру мамандары	қазан

		3. «Өз елім» әні, сөзі Қ. Мырза Әлі, музыкасы Н.Тілендиев. Сонымен қатар @darynzko, @rumcdo_official, @bkobilimbaskarmasy, @oral_bilim, @bqobilim парақшаларын белгілеп, #Республикакүні, #Деньреспублики, #мояродинаказахстан, #меніңотанымқазақстан хэштегтері арқылы челленджді жолдайды.		
18.	«Біз Отанымыздың бақытты жастарымыз» челлендж	Видеоролик челлендж, әлеуметтік желіде жариялау	Студенттік парламент қазан	Қазан
19.	«Тәуелсіздік – елімнің ерлік жолы!», " Я славлю тебя, мое Отечество, мой Казахстан" , «Еңсесі биік Егемен ел», «Көк байрағым-елдігім!»,«Мәңгілік жаса, қыран елім, Қазақстаным!» ,«Адал ұрпақ – тәуелсіз елдің патриоттары» ,«Гүлдене бер менім Қазақстаным» «Туған жерім - тұғырым»,«Бірлігі жарасқан, Тәуелсіз Қазақстан!»	ҚР Республика күніне арналған тәрбие сағаты. Жоспар, сценарий	Топ жетекшілері	Қазан
20.	Білімділер додасы «Жастар ел болашағы» викторина	Колледж студенттерінің қатысуымен викторина ұйымдастыру.	Стденттік парламент	Қазан
21.	Республика күнін мерекелеу аясында , «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында жалпы эссе байқауы 1-2 курстар	Колледж студенттерінің қатысуымен викторина ұйымдастыру.	Тәрбие бөлімі.Топ жетекшілері.	Қазан
22.	«Айналдым сенен Атамекенім!» атты мерекелік-концерттік бағдарлама	Мерекелік салтанатты шара	ДОТТЖ орынбасары А.Ж.Отарбай Топ жетекшілері	қазан
23.	«Адам өмірі және суицидтен сақтану»			

	психологиялық тренинг арнайы мамандармен кездесу			
24.	«Тәрбие отбасынан басталады». тақырыбында колледжішілік ата-аналар жиналысын ұйымдастыру.	Ата-аналар жиналысы	Топ жетекшілері	Жыл бойы
25.	Ата- аналар мен студенттерге арналған психологиялық кеңестер.	Ата-аналарға арналған кеңес әлеуметтік желі арқылы ұсынылады	Тәрбие бөлімі, психолог	Қазан
26.	Күзгі табиғатпен тілдесу. Табиғатта кітап оқу, мәнерлеп оқу, спорттық жаттығу жасау,	күзгі еңбек видео әзірлеп әлеуметтік желіде жариялау байқауы	Студенттік парламент	Қазан
27.	«Жұлдызың жансын» 1 курс студенттерінің таланттарын анықтау мақсатындағы шара.	Мерекелік шара	Музыкалық білім беру оқытушылары. А.Р.Идрисова, Б.М.Маликова	Қазан
28.	Жаныңда жүр жақсы адам «Өмірі – өнеге, өнегесі өмір» 1-4 курс студенттерімен п.ғ.д, профессор, колледж құрылтайшысы Ш.Х.Құрманалинамен кездесу	Кездесу сағаты	Тәрбие бөлімі, Топ жетекшілері	Қазан
29.	«Таза қала» қалалық сенбілікке қатысу.	Еңбекке, қоғамдық жұмысқа ат салысу	Студенттік парламент	Қазан
30.	«Есірткізic болашақ»	постер көрмесі, контент	1-2 курс студенттері	Қазан
31.	«Нашақорлықтың алдын алу үшін менің қосар үлесім» дөңгелек үстел	Мамандармен кездесу	Студенттік парламент	Қазан
32.	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер С.Б.Ақболатова, А.Е.Қуанышева	қазан

ҚАРАША – ПОЭЗИЯ АЙЫ

➤ 15 қараша - Ұлттық валюта күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Ұлы дала перзентімін» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Адалдық сағаты	Топ жетекшісі	Қараша
2.	«Менің ата-анамның жұмысындағы бір күн»	Видеоролик дайындау, контент жариялау	Топ жетекшісі	Қараша
3.	«Өнегелі өмір» Ж.Ж.Утарбаевпен кездесу («Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы)	Кездесу сағаты	Б.А.Насыров	Қараша
4.	«Еңбек» акциясын өткізу	Сенбіліктер өткізу, елді мекендерді абаттандыру, көгалдандыру және басқа да іс-шаралар қатысу	Студенттік парламент	Қараша, сәуір
5.	«Отбасы Бақыт мекенім»	Студенттерге отбасының адам өміріндегі маңызын түсіндіру дөңгелек үстел	Топ жетекшілері	Қараша
6.	«Кітап оқу - рухани әлемге жол»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілері, оқытушылар	Қараша
7.	Студенттер күні. Екі жұлдыз өнерлілер байқауы	Мерекелік шара	Студенттік парламент	Қараша
8.	«Қазіргі қоғамдағы әйел адамдардың ролі» - «Отбасында зорлық-зомбылыққа жол жоқ»	арнайы мамандармен кездесу	Тәрбие бөлімі. Топ жетекшілері	Қараша

9.	«Аманат» партиясы Жастар рухы жастар қанаты мүшелерімен кездесу	Көшбасшыларды қалыптастыру мотивациялық кездесу	Студенттік парламент	Қараша
10.	«Кәсіптік білім беру -келешек кепілі» «Менің таңдаған мамандығым»	Презентация дайындау, әлеуметтік желіде тарату 1 курс студенттері эссе байқау	Топ жетекшілері, мамандықтар ПЦК жетекшілері	Қараша
11.	ТЖКБ студенттерінің ақпараттық мәдениетін дамыту мақсатында «Zhastalar» ТЖКБ ақпараттық-білім беру платформасының қызметін ұйымдастыру және дамыту	Әлеуметтік желіге тіркелі, жоба бағытын түсіндіру	Топ жетекшілері	Қараша
12.	«Қыздарға айтар ақыл бар» жалпы колледж қыздары арасында қыз баланың инабаттылығы, шектен шықпауы, жыныстық қатынастан сақтануы АНА ҮЙІ” ресурстық орталық Маманы Шканова Замзагуль Зайтовна. Психолог Науанова Альфия мен кездесу.	Ақпараттық танымдық кездесу.	Тәрбие бөлімі, топ жетекшілері	Қараша
13.	«Менің психологиялық денсаулығым» тәрбиелік іс-шара	Ақпараттық тәрбиелік шара	Медицина қызметкері А.Е. Сисенғалиева	Қараша
14.	Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша бейнероликтер байқауы	Әлеуметтік желіде жариялау	Саналы ұрпақ клубының жетекшісі: Н.А. Утегенова	Қараша
15.	Әділетті қазақстан құру жастардың қолында	Дебат	Дебат клубының жетекшісі А.Е.Куанышева	Қараша
16.	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер Н.А.Утегенова	Қараша

ЖЕЛТОҚСАН – «ҚАЗАҚСТАН - ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ»

➤ 16 -17 желтоқсан-Тәуелсіздіктің 32 жылдығы

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Тарих пен тіл тамырлас»	<i>(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы)</i>	Топ жетекшілері	Желтоқсан
2.	«Отбасы – тәрбиенің алтынбесігі»	<i>(«9 айға тоғыз шара»жобасы) тәрбиелік шара</i>	Топ жетекшілері	Желтоқсан
3.	Колледж студенттері командалары арасында «Жас Сарбаз» әскери-спорттық ойындарын өткізу	Тәуелсіздік күніне орай әскери – спорттық ойын	Б.А.Насыров	Желтоқсан
4.	«Тәңір сыйы — Тәуелсіздік»,«Тәуелсізбін, егеменмін, дербеспін»,«Тәуелсіз елім — тірегім, самғауыңды тіледім!»	ҚР Тәуелсіздік күніне арналған іс-шараларды өткізу	Топ жетекшілері	Желтоқсан
5.	« Тәуелсіз елдің жастары қандай?»	Дебат турнир ұйымдастыру	Дебат клубы жетекшісі А.Е.Қуанышева	Желтоқсан
6.	Ұлтаралық бірлік – тәуелсіздік күніне арналған фестиваль	Облыстық студенттер фестиваліне қатысу	Студенттік парламент	Желтоқсан
7.	«Шындық – ең жақсысаясат!» сыбайлас жемқорлықтың алдын алу	Тәрбиелік шара	Топ жетекшісі	Желтоқсан

8.	Дөңгелек үстелдер, әңгімелер шеңберінде әртүрлі спорт түрлері бойынша білім алушылармен белгілі спортшылармен кездесу ұйымдастыру «9 айға тоғыз шара», «4 тоқсанға төрт шара» жобалары	TDX форматында мотивациялық кездесу	Тәрбие бөлімі	Желтоқсан
9.	«Таным. Тағылым. Тәрбие» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы	Тәрбиелік шара	Топ жетекшілері	Желтоқсан
10	«Салауатты өмір салты-өмір талабы» ЖҚТБ алдын алу іс-шаралары	Мамандармен кездесу	Тәрбие бөлімі	Желтоқсан
11	Парасыз сынақ кітапшасы «Таза сессия» шараларын ұйымдастыру.	Сауалнама, түсіндіру, ақпарат беру	Тәрбие бөлімі, оқытушылар	Желтоқсан
12	Кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын – алу бағдарламасын ата-аналармен, колледж қызметкерлерімен және студенттермен жүргізу	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	Тәрбие бөлімі, оқытушылар	Желтоқсан
13	«Оқуға құштар адам табысты адам»	Студенттермен кітап оқудың маңызы туралы дөңгелек үстел	Кітапханашы С.С.Салменова	Желтоқсан
14	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер А.Б.Джамбаева	Желтоқсан

ҚАҢТАР – «ҰЛТТЫҚ КОД» айы

➤ Қысқы демалыс

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Қыс мезгіліндегі қауіпсіздік ережелері»	Түсіндіру, ақпараттық шара	Топ жетекшілері	Қаңтар
2.	«Өзін-өзі тану – өмір талабы» психологиялық тренинг	Тренинг	Психолог	қаңтар

3.	Туған өлке ақындарының шығармалары («Жеткіншектің Жетіжарғысы» жобасы)	Тәрбиелік шара	Топ жетекшісі	қаңтар
4.	«Әкеңнің төріне сенбе, еткен еңбегіне сен»	Тәрбиелік шара («Ата-аналар мектебі» жобасы)	Топ жетекшілері, Б.Ж.Туенбекова	қаңтар
5.	ҮЕҰ өкілдерімен бірлесіп құқықтық сауаттылықты арттыруға және құқық бұзушылықтың алдын алуға бағытталған семинарлар мен тренингтер («Кәмелетке толмағандардың құқықтарын қорғау», «Салауатты өмір салты», «Адам құқығы және сіз» т.б.)	Колледж ИДН А.М.Кажиповпен Кездесу өткізу.	Тәрбие бөлімі, Топ жетекші А.Г. Төлеутаева	Қаңтар
6.	«Профи TIME»	(«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы) Еңбек нарығында қазіргі уақытта сұранысқа ие жәнетаяу болашақта сұранысқа ие болатын мамандықтар туралы ақпараттық сағат	Топ жетекшісі	Қаңтар
7.	Білім алушылардың еңбекке баулуға тәрбиелеу іс- шаралар жоспары	Студенттерді Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы туралы Ақпараттандыру.	Топ жетекшілері А.А. Аманбаева	Қаңтар
8.	«Отбасылық таланттар»	(«Ата-аналар мектебі» жобасы) ақпараттық тәрбиелік шара	Топ жетекшілері	Қаңтар
9.	«Ұлттық ойын- ұлтқ азынасы»	(«Ұлттық колледж лигасы»)	Топ жетекшілері А.М.Хабиев	Қаңтар
10.	«Ұлы өнертапқыштыққа алғашқы қадам» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы)	Мотивациялық кездесу	Топ жетекшілері Б.М.Маликова	Қаңтар

11.	«Абайды білесің бе?» пікір – талас Дебат турнирі	Дебат турниры	Қадам дебат клубы жетекшісі А.Е. Куанышева	қаңтар
12.	«Ислам бейбітшілік пен толеранттылық діні ретінде»	"Аманат-Жайық" қоғамдық қорының дінтанушы маманы Қуан Армат Құлымбекұлы кездесу.	Тәрбие бөлімі	қаңтар
13.	Кәмелетке толмағандар арасында суицидалды мінез-құлықтың алдын –алу бағдарламасын ата-аналармен, колледж қызметкерлерімен және студенттермен жүргізу	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай колледж психологы	қаңтар
14.	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер К.К.Қосбаева	қаңтар
15.	Бастаңғы жастар ойын-сауық шарасы	Ұлттық дәстүрді насихаттау шарасы	Топ жетекшілер, А.Р.Идрисова, М.С.Нұрмұқашева	қаңтар

АҚПАН – ОҚУҒА ҚҰШТАРЛЫҚ айы

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Сен және Заң» («Жеткіншектің Жетіжарғысы») жобасы)	Студенттерді Қазақстан Республикасындағы жаңа кәсіптер мен құзыреттер атласы туралы Ақпараттандыру.	ТІЖО А.Ж.Отарбай, топ жетекшілері, Н.А.Утегенова	Ақпан
2.	ҚР Қорғаныс күніне арналған «Төтенше жағдайда сенің әрекетің» кездесу, төтенше жағдайға қарсы тұр	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай АӘДЖ Б.А.Насыров	Ақпан
3.	«Отан отбасынан басталады» Бала тәрбиесіндегі әкенің 7 кеңесі. Тәрбиелік шара.	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	Топ жетекшілері К.К.Қосбаева, В.А.Сралиева	Ақпан
4.	«Отбасындағы ортақ тіл»	Тәрбие сағаты	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Ақпан

	«Сабырлылық – асыл қасиет»		Топ жетекшілер	
5.	«Өмір мен мансапты жоспарлау», «Кәсіби сынағалар» жобаларын іске асыру.	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Топ жетекшілер	Ақпан
6.	«Мамандыққа алғашқы қадам»	3-4 курс студенттер кәсіби бағдар беру жобаларын жасақтау.	ТІЖО А.Ж.Отарбай ПЦК жетекшілері	Ақпан
7.	«Көшбасшылық қасиеттерді дамыту» атты семинар-тренинг	Жастармен жұмыс жөніндегі ресурстық орталық мамандарымен өткізу.	ТІЖО А.Ж.Отарбай Студенттік парламент	Ақпан
8.	Сіз өзіңіздің Қазақстанныңызды білесізбе? Викторина	Студенттердің ой ұшқырлығына арналған интеллектуалдық ойын	ТІЖО А.Ж.Отарбай Студенттік парламент	Ақпан
9.	Құқық қорғау органдарын (ОП, прокуратура, ІІБ) тарта отырып, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша іс-шараларды ұйымдастыру және өткізу.	«Тұрмыстық зорлық-зомбылық профилактикасы туралы» Қазақстан Республикасының Заңы	Топ жетекшілері, В.А.Срәлиева	Ақпан
10.	Отбасындағы қылықты қыз, асыл жар,ардақты ана, ақылды келиншек, асыл әже ол ким?	Тұрмыстық зорлық зомбылық құрбандарына арналған дағдарыс орталығының мамандарымен кездесу	ТІЖО А.Ж.Отарбай Студенттік парламент	Ақпан
11.	«АДАЛДЫҚ САҒАТЫН» ұйымдастыру.	Дайын адалдық сағатын жаппай көру, талдау.	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Ақпан
12.	«Діндарлық пен діни фанатизм түсінігі», «Діни сауатты болу міндет»	Студенттердің дін істері, ішкі саясат мәселелері жөніндегі басқарма өкілдерімен дәріс діндар студенттермен кездесу.	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Ақпан
13.	«Түнгі қаладағы балалар» рейді.	Топ жетекшілерімен бірлесіп көшедегі рейдке қатысу.	ТІЖО А.Ж.Отарбай ИДН А.К.Кажипов	Ақпан
14.	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер В.А.Срәлиева	Ақпан
15.	«Тәртіп тәрбие бастауы » (сабақты себепсіз жіберетін студенттермен жеке	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне	ТІЖО А.Ж.Отарбай колледж психологы, оқу	Ақпан

	сөйлесу, ата аналармен хабарласу) апта сайын бақылауда ұстау.	орналастыру	бөлімі	
16.	Спортқа ынталандыратын терең өнегелі мәні бар фильмде, атақты спортшылар туралы деректі фильм қарау шарасын топтарда ұйымдастыру.	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Б.А.Насыров, А.М.Хабиев, М.ЕнНасыров	Ақпан
17.	Ата-аналар қауымдастығымен ынтымақтастық үшін «Ашық алаң» жұмысын ұйымдастыру (ата-аналарды ағарту, олардың психологиялық-педагогикалық құзыреттілігін және бала тәрбиесіндегі жауапкершілігін арттыру)			

НАУРЫЗ – ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮРДІ ДӘРІШТЕУ айы

- 1 наурыз – Алғыс айту күні
- 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні
- 21, 22, 23 наурыз – Наурыз мейрамы
- 27 наурыз – Дүниежүзілік театр күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Табысты тұлға» («Еңбегі ерен жасөрен» жобасы)		Топ жетекшісі	Наурыз
2.	«Алғыс айту парызым!» «Ата-анама алғыс білдіремін» челендж,	фотоколлаж Алғыс айту күніне орай топ студенттерінің алғыс білдіру	Топ жетекшілері	Наурыз

		бейнеролик әзірлеу,		
3.	«Ізгіліктің бір ізі - алғыс айту»	Алғыс айту күніне арналған мерекелік шара		
4.	<i>Жемі ата челендж, «Домбыра Party» бауырсақ Party, этникалық стильдегі сән көрсетілімі</i>	<i>(«Ата-аналар мектебі» жобасы)</i>	Тәрбие бөлімі, А.Н. Қанатқалиева	Наурыз
5.	«Бәрі де, Ана , бір өзіңнен басталды» «Ару қыз, аяулы жар, асыл Ана» «Бүкіл әлем бір өзіңнің қолыңда», «Сыйынар ем Ана деген тәңірге» «Қыз еркем, қылығымен көркем»	8 наурыз мерекелік шара <i>(«Ата-аналар мектебі» жобасы)</i>	Топ жетекшілері	Наурыз
6.	8 наурыз мерекесіне орай: «Сұлулық пен әйелдік» тақырыбында дөңгелек үстел. Қаланың лайықты әйелдерімен кездесу.	8 наурыз мерекелік шара <i>(«Ата-аналар мектебі» жобасы)</i>	Топ жетекшілері	Наурыз
7.	«Қарияға қамқорлық» волонтерлік көмек, қайырымдылық жәрмеңкесі	Қарттарға көмек көрсету, қамқорлық акциясын ұйымдастыру	Ашық жүрек еріктілер клубы жетекшісі Д.Е.Мазгутова	наурыз
8.	<i>Наурыз мерекесіне орай ұлттық спорт түрлерінен жарыстар ұйымдастыру</i>	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай. Топ жетекшілері дене тәрбиесі пәні оқытушылары	наурыз
9.	<i>«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»</i>	Жаппай ұлттық киім киуді ұйымдастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай. Топ жетекшілері, студенттік парламент	Наурыз
10.	«Шебер қолдар» «Бес аспап», «Алтын оймақ» халық қолөнерінен көрме ұйымдастыру	Студенттердің ұлттық бұйымдар көрмесін ұйымдастыру.	ТІЖО А.Ж.Отарбай. Топ жетекшілері Б.Ж.Түйенбекова, А.Е.Куанышева	наурыз
11.	«Асық Party» Асық ату ойыны сайыс	Жаппай асық ойынын ұйымдастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай. Топ жетекшілері дене тәрбиесі пәні	наурыз

			оқытушылары	
12.	«Қазақ халқының салт-дәстүрі» атты дөңгелек үстел өткізу.	1- 2 Курс студенттерімен	Кітапханашы	Наурыз
13.	«Ортақ үйімізде Наурыз көже» мерекесіне қатысу – Наурыз көже пісіру, көне ұлттық тағамдарды ұсыну.	1-4 курстар	Тәрбие бөлімі	Наурыз
14.	«Көрісу амалы»	Көрісу күніне орай жаппай бауырсақ, наурыз көже тарату. Жастардың үлкендермен көрісуін ұйымдастыру.	Тәрбие бөлімі. Топ жетекшілер, М.С.Нұрмұқашева	наурыз
15.	«Ұлыс оң болсын»	Наурыз мерекесіне арналған театрландырылған қойылым.	Тәрбие бөлімі. Топ жетекшілер С.Б.Ақболатова, А.А.Аманбаева, Б.М.Маликова	Наурыз
16.	мен кездесу.	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Наурыз
17.	Олжас Иманғалиев	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Наурыз
18.	Асланбек Аминов	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Наурыз
19.	А. Алибекова қалалық маслихат депутатымен.			Наурыз
20.	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер, А.А.Аманбаева	Наурыз

СӘУІР– ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТ айы

12 сәуір - Ғылым күні

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	«Достық – көмекпен мықты»	Студенттік достықты кадрлеу, бір- біріне құрмет көрсету шаралары	Топ жетекшілері	Сәуір
2.	«Қоқысты қайта өңдеу процессі»	Жоба жасақтау	Топ жетекшілері	Сәуір
3.	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»	Танымдық, ақпараттық шара	Топ жетекшілері	Сәуір
4.	«Ұлттық мәдениет бала тәрбиесінде»	<i>Тәрбиелік іс- шара</i>	Топ жетекшілері	Сәуір
5.	Ата- аналар мен студенттерге арналған психологиялық кеңестер. Ата-аналарға арналған кеңес әлеуметтік желі арқылы ұсынылады	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Колледж психологы	Сәуір
6.	«Ел ертеңі жастар қолында»	3-4 курс студенттері арасында дебат ұйымдастыру	Тәрбие бөлімі, Қадам дебат клубының жетекшісі А.Е. Куанышева	Сәуір
7.	«Табиғат тамашалары»			
8.	«Әкелер күні» халықаралық мерекес шеңберінде «Менің әкем – жақсы адам»			
9.	«Мен оқыдым сенде оқы»	Топ жетекшілерінің оқыған кітаптарымен бөлісуі	Топ жетекшілер, Д.Е.Мазгутова	Сәуір

10	Сыбайлас жемқорлық			
11				

МАМЫР – БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ТАТУЛЫҚ айы

- 1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні
- 7 мамыр-Отан қорғаушылар күні
- 9 мамыр-Жеңіс күні
- 31 мамыр - Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күні
- Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

№	Іс-шараның атауы	Аяқталу нысаны	Жауаптылар	Орындалу мерзімі
ҚҰНДЫЛЫҚ: ТАЛАП, АР-ҰЯТ, ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ (ОТАН)				
1.	Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері күніне арналған «Менің туым» атты республикалық акциясына қатысу.	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Топ жетекшілері Н.А.Утегенова	мамыр
2.	«Бірлігі жарасқан Қазақстан», «Ұлттар достастығы»	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	Топ жетекшілері	
3.	«Медиа time» Студенттік лигаларды құру және дамыту (спорт, пікірталас және т.б.). Студенттерді бағыттар бойынша клубтардың жұмысына тарту	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Топ жетекшілері	мамыр
4.	«Менің гүлзарым»	<i>(«Еңбегі адал жасөрен» жобасы)</i>	Топ жетекшілері	мамыр
5.	«Оқырмандар отбасы»	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	Топ жетекшілері	мамыр
6.	«Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмірсүреді!», «Ерлік – ұрпаққа ұран»,	Ұлы Жеңіске арналаған тәрбие шаралары	ТІЖО А.Ж.Отарбай	мамыр

	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың.		Топ жетекшілері А.Н.Қанатқалиева	
7.	«Тарихтан тағылым –өткенге тағзым» саяси қуғын сүргін және ашаршылық құрбандарды еске алу	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Топ жетекшілері Н.А.Утегенова	мамыр
8.	«Адам өмірі және суицидтен сақтану» психологиялық тренинг арнайы мамандармен кездесу	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай колледж психологы	мамыр
9.	«Әр отбасы-бір әлем» «Отбасы FEST»фестивалі Қазақстандағы Отбасы күніне орай	фотоколлаж Отбасымен бірге өткізген бақытты, көңілді сәттер бейнеленген және отбасы мүшелері арасындағы сүйіспеншілік қарым-қатынасын көрсететін фото суреттерден фотоколлаж құрастыру.	ТІЖО А.Ж.Отарбай Топ жетекшілер, Г.С.Шотова	мамыр
10.	Асхат Рамазановпен кездесу Жас кәсіпкер, «Фиеста» дүкенінің директоры	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай	мамыр
11.	Халықаралық отбасыкүні	Отбасы күніне орай тәрбие сағаты	ТІЖО А.Ж.Отарбай. Топ жетекшілері	мамыр
12.	«Әкеме хат» тақырыбында жағымды бейнені насихаттауға және әке болу институтын нығайтуға бағытталған эссе жазу конкурсын өткізу	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай. Топ жетекшілері	мамыр
13.	«Жылдың үздік оқырманы» конкурстарының қорытындысын шығару	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай Кітапхана қызметкері С.С.Салменова	мамыр
14.	Студенттік көктем -2024 байқау	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Мамыр
15.	Колледж ережесі, тәртібі, қағидасын ұстану. Топ басшыларының есебі	Ақпаратты колледж сайтына, әлеуметтік желілеріне орналастыру	ТІЖО А.Ж.Отарбай	Мамыр

